



БҰЙРЫҚ

29.05.2023м.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 078

город Астана

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдауды жүргізу туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚР Заңының 8-бабының 5-тармағына және Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК-ның (бұдан әрі – АИТВ орталығы) комплаенс жұмыстарына жауапты Ш.М. Шамсудинов 2022 жылғы АИТВ орталығы қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізсін.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау:

- 1) АИТВ орталығының қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) АИТВ орталығының ұйымдық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыттары бойынша жүргізілсін.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу кезеңі: 01.06.-30.06.2023 жыл. АИТВ орталығы қызметінің талданатын кезеңі: 2022 жылғы 12 ай

4. АИТВ орталығының 2022 жылғы қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама талқылау үшін 2023 жылғы 5 маусымға ұсынылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор

С. Абдраимов